



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№12 (1925) 1 СӘУІР 2024 ЖЫЛ



Қазақстан-Ресей ректорларының

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан мен Ресей жоғары оқу орындары ректорларының II форумы өтті.

II форумы өтті

«Жоғары білім мен ғылымның өзекті тенденциялары» тақырыбындағы халықаралық форум жұмысына ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, РФ ғылым және жоғары білім вице-министрі Константин Могилевский, МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің ректоры Владимир Шевченко, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма

Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры Ләззат Нұрқатова, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің халықаралық қызмет жөніндегі проректоры Сергей Андришин, сондай-ақ Ресейдің 50 және Қазақстанның 40 ЖОО ректорлары қатысты.

Шараны ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек құттықтау сөзбен ашты. «Бүгінгі таңда Қазақстанда Ресейдің алты жетекші жоғары оқу орнының филиалы жұмыс

істейді. Алғаш болып 2001 жылы М.В.Ломоносов атындағы ММУ филиалы іске қосылды. Кейін Байқоңыр қаласындағы «Восход» Мәскеу авиациялық институтының, Қостанайдағы Челябинск мемлекеттік университетінің, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы МИФИ ҰЯЗУ, Санкт-Петербург кәсіподақтар гуманитарлық университетінің және И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің филиалдары ашылды.

Жалғасы 2-бетте

10 инновациялық зертхана ашылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толуына орай, «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығы ашылды. Жаңа ғылыми орталық құрамына Тұрақты даму мақсаттарын іске асыратын 10 инновациялық зертхана кіреді.

Жоба ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің «Жасыл даму контекстінде Батыс Қазақстан өңірінің табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерін тұрақты дамыту: кешенді талдау, тұжырымдама, болжамдық бағалау және сценарийлер» нысаналы қаржыландыру бағдарламасы шеңбе-

рінде іске асырылуда. Ғылыми орталық климат және модельдеу, цифрлық картография және қолданбалы геодезия, GlobalSky (атмосфералық зерттеулердің инновациялық зертханасы), тұрақты туризм, су ресурстарының сапасын талдау бағытында жұмыс істейді. Сонымен қатар ландшафттардың деградациясын геоак-

параттық талдау, геодемографиялық және әлеуметтік-экономикалық зерттеулер, экологиялық қауіпсіздік, топырақ экологиясы, қоршаған ортаны бақылау шараларын іске асырады.

Орталықтың негізгі мақсаты – қоршаған ортаның жаһандық өзгеруі жағдайында табиғат пен қоғамның өзара іс-қимыл заңдылықтарын анықтау, Қазақстан өңірлерін тұрақты дамыту мақсатында табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша жасыл технологияларды әзірлеу және енгізу.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қашықтан зондау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасы ашылды.

Орталық Азиядағы бірегей орталық таныстырылды

Зертханада Орталық Азия өңіріндегі климаттың өзгеруі салдарынан орын алған су тапшылығы, құрғақшылық, жердің құнарсыздануы сияқты экологиялық мәселелерге мониторинг жүргізіледі. Қашықтан бақылау арқылы аймақтағы табиғи қауіп-қатерді алдын ала ескертіп, экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты дамуды қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде Қазақстан, Қытай және Орта-

лық Азия үшін жоғары деңгейдегі халықаралық ресурстық және экологиялық платформа құруға мүмкіндік береді.

Салтанатты шараға ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы ҚКП партия комитеті хатшысының орынбасары, ШҰАА Халық үкіметінің төрағасы Еркін Тунияз, ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Қытай ғылым академиясы Шыңжаң экология және география институтының бас директоры

Чжан Юаньмин, Шыңжаң университетінің президенті Яо Цян, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Халық үкіметі хатшылығының басшысы Чжоу Сюйюн, ҚазҰУ ғалымдары мен оқытушылары, білім алушы жастар қатысты.

Іс-шарада Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық аудандық комитетінің губернаторы Еркін Тунияз жаңадан ашылған зертхана ғылым бойынша Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстың жарқын көрінісі екенін атап өтті.

Жалғасы 2-бетте



3-бет

Саяси ғылымның сардары



5-бет

Сөзжасам саласының негізін қалаушы



6-бет

Қоршаған ортаға бақылау жасаймыз



Қазақстан-Ресей ректорларының II форумы өтті



Соңы. Басы 1-бетте

институттары арасында 1700 келісімшарт жасалған. 25 ғылыми бірлескен жоба сәтті жүзеге асырылуда», – деді Саясат Нұрбек.

Форум барысында РФ ғылым және жоғары білім вице-министрі Константин Могилевский сөз сөйлеп, ҚазҰУ базасында өтіп жатқан ректорлар форумы екі мемлекеттің жоғары оқу орындарының арасындағы сенімді ынтымақтастықты жаңа бағытқа көтеретінін жеткізді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев Қазақстан мен Ресей ЖОО ректорларының II форумына қатысушылардың беделді құрамы оның жоғары деңгейдегі форум екенін көрсететінін айтты.

«Бүгін біз жоғары білім мен ғылымның өзекті тенденцияларын талқылау үшін ҚазҰУ-да жиналып отырмыз. Оқу ордасы әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу және әлемнің үздік ЖОО-лары арасында ғылыми-білім беру кеңістігінде халықаралық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу мақсатында жұмыс істейді. 2024 – біздің университет үшін мерейлі жыл. Айтулы датаға орай, халықаралық ғылыми конференциялар, саммиттер мен симпозиумдар өткізу жоспарланып отыр. Мен сіздерді мерейтой аясында өтетін түрлі халықаралық шараларға қатысуға шақырамын», – деді ректор.

Форум жұмысына арнайы қатысқан МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің ректоры Владимир Шевченко сөз сөйлеп, екі ел арасындағы ғылым мен білім саласындағы байланысты арттыру бойынша өз ұсынысын ортаға салды.

Форум жұмысы секцияларда жалғасты.



10 инновациялық зертхана ашылды

Соңы. Басы 1-бетте

Негізгі зерттеулердің ішінде: геожүйелердің, топырақтың, рельефтің және ландшафттардың табиғи және антропогендік динамикасы, табиғаты қорғаудың ғылыми негіздерін әзірлеу, тұрақты дамудың аймақтық ерекшеліктері, геоақпараттық технологиялар және картаға түсіру сияқты бағыттар бар.

Орталықтың ашылу салтанатына ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат

Нұрбек, РФ ғылым және жоғары білім вице-министрі Константин Могилевский, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қатысып, жаңа орталықтың университеттік ғылымды дамытуға қосатын қолмақты үлесін атап өтті.

Сондай-ақ БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі Властимил Самек, БҰҰДБ-ның

Қазақстандағы тұрақты өкілі Якуп Бериш, консорциумның мегагрант бойынша серіктестері, ғылым докторлары, профессорлар және жас ғалымдар қатысты.

Жаңа орталықты география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Әлия Ақтымбаева арнайы таныстырды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жұмыс сапарымен келген ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы ҚКП партия комитеті хатшысының орынбасары, ШҰАА Халық үкіметінің төрағасы Еркін Туниязбен оқу ордасының ректоры Жансейіт Түймебаев кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Әріптестермен серіктестік артады



Кездесуге ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов, Қытай ғылым академиясы Шыңжаң экология және география институтының бас директоры Чжан Юаньмин, Шыңжаң университетінің президенті Яо Цян, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Халық үкіметі хатшылығының басшысы Чжоу Сюйюань қатысты.

Жүздесуде ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов министрлік тарапынан Қытай ЖОО-ларымен ғылыми зертханаларды бірге пайдалану, ака-

демиялық ұтқырлық бағдарламасын дамыту және бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізді.

Келіссөз барысында Жансейіт Түймебаев Еркін Тунияз бастаған делегацияның университетке сапары екіжақты қарым-қатынасты дамытуға тың серпін беретінін және жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік жасайтынын атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 27 елден астам студент білім алады. Соның ішінде 4 мыңнан астам студент шетелден келген. Қазіргі таңда

оқу ордасы Қытайдың 45 ЖОО-сымен және ғылыми ұйымдарымен тығыз байланыста. Бүгінде ҚазҰУ-да 975 қытайлық студент оқып жатыр. Қытай елімен көрші болғандықтан, біз Үрімші және Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы университеттермен ынтымақтастықты дамытуға ниеттіміз», – деді ректор.

Өз кезегінде ШҰАА Халық үкіметінің төрағасы Еркін Тунияз қонақжайлық танытқаны үшін ҚазҰУ басшылығына алғыс айтып, бірқатар ұсынысын ортаға салды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Орталық Азиядағы бірегей орталық таныстырылды



Соңы. Басы 1-бетте

«Бүгінгі ҚазҰУ базасында құрылған орталық екі мемлекеттің қарым-қатынасының күн санап артып келе жатқанының айқын дәлелі. Қазақстан мен ҚХР арасындағы өзара ынтымақтастық пен стратегиялық серіктестік әртүрлі саяси тенденцияларға емес, берік негізге құрылған», – деді Еркін Тунияз.

Ашылу салтанатында Талғат Ешенқұлов ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтауын жеткізді. «Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылым мен жоғары білім саласында көпжылдық және жемісті ынтымақтастық жолға қойылған. Министрлік соңғы екі жылда жетекші жоғары оқу орындарымен, соның ішінде Қытай университеттерімен стратегиялық

әріптестікті құру бойынша белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Алты мыңнан астам халықаралық келісімшарттың 249-ы Қытай ЖОО-ларымен жасалған. Соның басым көпшілігі осы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында жүзеге асырылуда», – деді вице-министр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев өз сөзінде: «Президент Қасым-Жомарт Тоқаев І Орталық Азия – Қытай саммитінде сөйлеген сөзінде Біріккен Ұлттар Ұйымының дерегінен мысал келтірді. Дүниежүзінде 2050 жылға қарай 5 миллиардтан астам адам ауызсуға мұқтаж болуы мүмкін. Мемлекет басшысы: «Климаттың өзгеруіне байланысты біздің аймақтың басты су көзі саналатын мұздықтар да күрт азайып барады. Осы жағдай

Орталық Азияның азық-түлік, энергетика және экология қауіпсіздігіне едәуір қатер төндіреді. Сондықтан бірлесіп шұғыл шаралар қабылдауымыз қажет», – деп атап өткен болатын. Сондай-ақ су ресурстарын өзара келісіп, ұтымды пайдалану, тиімді цифрлық тәсілдерді қолдану, су шаруашылығы саласына жаңа технология енгізу бойынша ұсыныстар жасады. Сондықтан біздің мақсатымыз – табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны зерттеу саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастықты нығайту», – деді.

Бірлескен зертхана Орталық Азия бойынша жұмыс істейтін, табиғат ресурстарына мониторинг жүргізетін жалғыз орталық. Сондықтан бұл зертхана ғылыми зерттеулердің орны ғана емес, Орталық Азиядағы қоршаған ортаны тұрақты дамытудың басты хабына айналмақ. Зертхана ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінде орналасқан.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарапынан жаңа ғылыми зертханаға 500 шаршы метр болатын аумақ бөлініп, жөнделсе, Қытай тарапынан 55 млн теңгеге (шамамен 1 млн юань) зертханалық құралдар мен жабдықтар орнатылды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздің дамуы мен өркендеуіне елеулі еңбек сіңіріп, университеттік ғылымның қалыптасуына үлес қосқан тұлғаларын мақтан тұтады.

Осы бағытта білім ордасы мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, зиялы азаматтар мен ірі ғалымдардың өмірі мен қызметіне арналған «Гибратты ғұмыр» сериясы бойынша арнайы кітаптар шығарып келеді.

Мазмұнды серияның кезекті шығарылымы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, саяси ғылымдар докторы, профессор Бұрханов Камал Низамұлының 70 жылдығына арналып отыр. ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР білім саласының құрметті қызметкері, Әлеуметтану академиясының академигі Камал Низамұлы еліміздің саяси тарихын зерттеуде нәтижелі жұмыстар атқарды. Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы және саясаттану ғылымы бойынша республикадағы жетекші мамандардың бірі болды.

Камал Бұрханов 1954 жылы 31 наурызда Өзбекстан Республикасы Ташкент облысының Шұралысай ауылында дүниеге келген. 1977 жылы Ташкент университетін, 2003 жылы Мәскеу мемлекеттік әлеуметтік университетін бітірген.

Бұрхановтар әулеті – Қазақстандағы қуғын-сүргін құрбаны болған үлкен әулет. 1936 жылы бір діни мереке кезінде жас Камалдың атасы Бұрхан ақсақал «Қазіргі басшымыз Сталиннің өмірі 18 жылға жетпейді, ал түптің түбінде болашағы бұлыңғыр бұл мемлекет жоқ болады» деп, көпшілікке ойын ашық айтқан. Осы бір ауыз сөзі үшін ұсталып, дүниемүлкі тәркіленіп, өзі айдалып кеткен. Сол кезде апасы Күлия-жар балаларымен Ташкентке өтіп, сол жерге тұрақтап, тағдырдың зор тауқыметін тартқан. Әртүрлі ұлт өкілдерінен құралған ГЭС-4 елді мекенінде жалғыз қазақ отбасы болып, алты баланы тек өз ана тілінде тәрбиелегені – айтуға тұрарлық өнеге. Бұл Қызылорданың Жаңақорғанынан жыраққа, өзге елге кетуге амалсыз мәжбүр болған әулеттің өз тілі мен діліне деген шексіз сүйіспеншілігі екені сөзсіз.

Қайраткер ғалым табанды ізденістерінің арқасында ғылым баспалдақтарынан сатылай көтеріліп, ел игілігі жолында талмай жұмыс істеді. 1977-78 жылдары Ә.Қастеев атындағы өнер музейінде ғылыми қызметкер, 1978-79 жылдары Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтында аға лаборант болды.

1979-2002 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі ҚазҰУ) аға лаборант, ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор, декан орынбасары қызметін атқарды. Тарих факультеті Саяси тарих кафедрасының меңгерушісі, тарих факультетінің деканы, философия және саясаттану факультетінің деканы, Саясаттану кафедрасының меңгерушісі болып, жауапты міндеттерді іске асырды. Реті келіп тұрғанда айта кету керек, біз Камал Низамұлы тарих факультетінде, мен филология факультетінде қызмет істеп жүрген жас кезімізде танысып, оның азаматтық тұлғасын, ғалымдық бейнесін көргеннен кейін жақсы дос болып кеттік. Сол сыйластық, үзеңгі жолдас-тық оның өмірінің соңына дейін жалғасты. Камал Низамұлының ұйымдастырушылық қабілеті

мен іскерлік қасиеті ерекше болатын. Сондықтан да болар, тарих факультетінің ғана емес, философия және саясаттану факультетінің тізгінін де ұстап, жауапты міндеттер атқарды. Адамдармен тез тіл табысып, жұмысқа жұмылдыра білетін ерекше дарынымен әрдайым дараланып тұратын.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Саяси ғылымның сардары

Ол қандай қызметте жүрсе де, әрқашан байланыс жасап, хабарласып отырды. Жас кезінің өзінде-ақ оның ҚазҰУ-да ұстаздық қызметімен қатар, ғылымда белсенді ізденіс жасауы, түрлі ғылыми конференцияларда сөз сөйлеуі, әсіресе сөз саптауда публицистикалық өнерді жақсы меңгеруі оның университет деңгейіндегі беделін айрықша жоғары көтерді. Сондай-ақ оның ерекшелігі – қазақша, орысша бірдей көсіліп сөйлейтін. Аудиторияны өте жақсы меңгеріп, баурап алатын. Бүкіл әріптестері онымен араласуға, сыйласуға ұмтылатын. Оның жарқын жүзі, әрқашан күліп жүретін бейнесі адамдарды өзіне тартып тұратын. Ол уақытта университеттің талантты жас ғалымдары үлкен бір топ болатын. Филология, тарих, заң, биология, география факультеттеріндегі жастар қоғамдық шараларда иық тіресіп, қатар жүрдік. Қай уақытта болсын бірге болып, университеттің жыл бойындағы дәстүрлі конференцияларына бірге қатысатынбыз.

Міне, осы кезеңдегі Камалдың ұстаздық жолы өз алдына бөлек әңгіме. Дәл осы кезде өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырып, ізбасар шәкірттер тәрбиеледі. Көптеген жас ғалымдарға ғылыми жетекшілік жасап, іргелі жобаларды үйлестірді. Білікті ұстаздың шапағатын көрген олар бүгінде қоғамның түрлі саласында қызмет атқарып, мемлекетіміздің дамуына үлес қосуда. Ол жастарды ғылымның түбіне терең бойлауға насихаттады. Ұстаздық жолында 10-нан аса ғылым докторы және кандидаттарын даярлады, ғылыми кеңестердің төрағасы болды. Білім және ғылым министрі жанындағы саясаттану, философия ғылымдары жөніндегі сараптама комиссиясының төрағасы болды. Көптеген жаңа жобаға сарап-тамашы болып, жас ғалымдардың ізденісіне жол ашты. Сол себепті Камал Низамұлы еліміздегі алғашқы саяси ғылым мектебінің негізін қалаушылардың бірі ретінде атап өткеніміз жөн.

Өзінің біліміне, қарым-қабі-



летіне сенген адам тыңнан түрен салып, жаңа жұмыстарды бастауға бет бұрады. Ол 1998 жылы Алматыда Мәскеу мемлекеттік әлеуметтік университетінің сырттай оқытатын филиалын ашты. Елімізге экономика және әлеуметтік салада кәсіби мамандар даярлау аса қажеттігін сезінді. Жаңа білім ордасына білікті кадрларды жасақтап, оқытушы-профессорлардың ізденуіне, жаңаша жұмыс істеуіне жол ашып, жағдай жасай білді. Мәселен, сол кезде еліміздің өзге университеттерінде әлі оқытылмайтын «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша жас кадрларды даярлау қолға алынды.

ҚазҰУ-дан басталған ұстаздық жолы 2002-2004 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде (қазіргі ҚазҰПУ) жалғасты. Бұл университетте заң факультетінің деканы қызметін атқарды. 2004-2006 жылдары ҚР Президенті Әкімшілігінде бас эксперт міндетін атқарып, 2006-2007 жылдары Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтын басқарды.

2007-2011 жылдары IV сайланған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі болды. 2012 жылғы қаңтарда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутатылығына сайланды. Ол өзінің талантын депутат болған кезінде тіпті жоғары деңгейде жетілдірді деуге болады. Оның Парламенттегі еліміздің түрлі салаларға байланысты айтқан тұшымды ойлары, ұсыныстары, ғылым бойынша, рухани байлық бойынша проблемаларды көтеруі жеке мақалалар түрінде де шығып жатты. Бұл оның депутаттар арасында да беделін көтерді. Сол кездері де кездесіп, еліміздегі маңызды оқиғалар, проблемаларды талқылағанда оның әрқашан жанашырлығын, іштей қатты тебіренетінін көруші едім. Ол Парламент мінберінен елдік мәселелерді көтеріп, қоғам игілігіне бағытталған реформаларды іске асыруға атсалысты. Нағыз ұлтжанды, мемлекетшіл тұлға еді.

Өз өмірін халқына қалтқысыз қызмет етуге арнады. Депутат ретінде Парламент Мәжілісі мінберінен халықтың мүддесін қорғап, өз ой-пікірлерін ашық білдіріп отырды. Парламентте сегіз жыл депутат болған кезінде ел Үкіметіне бірнеше мәрте депутаттық сауал жолдады. Мемлекеттің дамуына байланысты өзекті мәселелерге қатысты жаңа заңдар қабылдануына ұйытқы болды. Ол депутат ретінде, әсіресе, әлеуметтік мәселелерге баса назар аударды. Мектептерде, оқу орындарында патриоттық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыруға, әсіресе, ұшығып тұрған халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелеріне жіті көңіл бөлді. Елдің қауіпсіздігі, шекараны нығайту жұмыстарына аса қатты мән берді. Осы мәселелердің айтылған жерде қалмай, түпкілікті дұрыс шешілуіне жағдай жасады. Оның тікелей қатысуымен ондаған заң жобасы жасалып, қабылданды. Мұның бәрі елдің игілігі үшін осы күнге дейін қызмет етуде. Парламент Мәжілісінің депутаты ретінде еліміздің құқықтық мемлекет болып қалыптасуына сүбелі үлес қосты.

Ол Парламент Мәжілісінің депутаты кезінде шет мемлекеттерге жиі шығып, баяндамалар жасайтын. Америка, Қытай, Үндістан, Ресейде өткен ғылыми-практикалық конференциялар мен симпозиумдарда жасаған баяндамасында дәуелсіз мемлекетіміздің сындарлы саясатын, ғылымы мен білімін, мәдениеті мен әлеуетін әлемге паш етті. Бірнеше рет Вашингтонда, Венада болған халықаралық сарапшылармен пікірталасқа өз көзқарасын дәлелдеп шықты. Бұдан оның тек елімізде ғана емес, халықаралық аренада да өзіндік орны бар үлкен саясаткер екенін аңғаруға болады. Осы ретте Гоада өткен үлкен жиындағы жағдай еске түсіп отыр. Жиын барысында бір саясаткер «Қазақстан – сұлу келіншек секілді. Ол бірден 89 мемлекетке ұнағысы келеді» деген пікірін айтып қалады. Мұндай жағдайда Камал Низамұлы қалай

үндемей қалсын, қолын көтеріп, сөз сұрайды. «Біріккен Ұлттар Ұйымында 192 мемлекет бар. Сіз 89 мемлекет дегенді қайдан шығардыңыз? Қазақстан – Күн астындағы алып орыс аюы мен қытай айдаһарының арасында өзінің сенімді орнын тапқан жас әрі мықты барыс. Сіз менің еліме тіл тигізбеңіз!» дегенде, әлгі саясаткер өз сөзінің орынсыз екенін түсініп, Камал Бұрхановтан кешірім сұрапты. Осы бір оқиғадан-ақ оның елінің қаншалықты патриоты екенін аңғаруға болады.

Камал Низамұлы саясаттанушы, тарихшы ғалым ретінде Қазақстан қоғамының даму мәселелерін терең түсініп, саяси-әлеуметтік ахуалды тамыршыдай тап басып отырды. Ол әрқашан ел мүддесін бірінші кезекке қойды. Көпұлтты еліміздегі бірлік пен татулықты нығайтуға барынша атсалысты. Қажет кезде шындыққа тура қарап, орынды сөзін айта білді.

Камал Бұрханов қандай қызметте болса да, өзінің жанына жақын тарих тақырыбынан, ғылыми-зерттеу жұмыстарынан қол үзген жоқ. Қайраткер ғалым қазіргі заманғы Қазақстан тарихы және саясаттану ғылымы бойынша 40-тан астам ғылыми жұмыстардың, кітаптар мен оқу құралдарының, 100-ден астам ғылыми мақаланың авторы.

«Орталық Азиядағы экстремизм», «Қытай өткені мен бүгінгі арасында», «Қазақстанның қазіргі саяси тарихы (1986-2006 жылдар)» ұжымдық кітаптарын жазуға қатысты. «Қазақстан жолы дилеммада: Шығыс немесе Батыс», «Қазақстан Республикасындағы діни және зайырлы білім», «Уақыт призма-сы арқылы» сияқты саяси зерттеулер кітаптарын жарық көрді.

Бекзат болмысты, ұлтжанды, мемлекетшіл тұлғаның ерен еңбегі мен терең ізденістері халықаралық ғылыми қауымдастықта мойындалып, жоғары бағасын алды. Мемлекет қайраткер тұлғаның еңбегін лайықты бағалап, «Құрмет» орденімен марапаттап, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын берді.

Терең білім, талмас ізденіс, сыни көзқарас, тың идея – кез келген ғалымның өзіндік ұлағатты өмір жолын қалыптастырады. Камал Бұрханов өз естеліктерінде: «Менің барлық өмір жолым – ең алдымен Қазақ ұлттық университетімен, оның ішінде тарих факультетімен тікелей байланысты. Ондағы барлық әріптестерім маған туған бауырымдай көрінеді», – деп отыратын.

Камал Низамұлының тарих, этнографиядан бастап, еліміздегі бүгінгі әлеуметтік-саяси ахуал туралы әрбір әңгімесі елді баурап алатын. Көпшіл мінезі мен ашық-жарқын қалпымен айналасына жақсы достар, тілеулес жанашыр жандарды жинай білді. Достарынан, жақындарынан қолынан келгенін аямады. Қауыр жұмыс, елдің қамы деп шапқылап жүріп, өз денсаулығына дұрыс көңіл бөле алмады ма екен, өмірден ерте кетті. Дегенмен өмірлік тәжірибедегі білгені мен түйгені, жазғаны мен сызғаны ғылыми айналымға түсіп, елдің игілігіне айналады деп ойлаймын. Бұл жинақтағы замандастары мен шәкірттерінің естеліктері Камал Бұрхановтай абыройлы азаматтың жарқын тұлғасын одан сайын биіктете түсетіні сөзсіз.

Документы деда вице-министра РФ нашлись в архиве КазНУ

В ходе II форума ректоров вузов Казахстана и России, который прошел в прошлой неделе на базе университета, Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев торжественно вручил вице-министру науки и высшего образования России Константину Могилевскому документы из университетского архива, касающиеся его предки.



– Хотел бы особо отметить, что дед Константина Ильича Могилевского был первым студентом Казахского государственного университета имени С.М.Кирова в 1934 году. Шулим Иойлович Могилевский закончил наш университет и потом преподавал здесь с 1936 до 1946 года, был математиком. В этом году мы отмечаем 90-летие нашего университета, и он был одним из первых выпускников нашего университета. Все документы вашего деда нашлись в нашем архиве. Здесь все документы вашего деда Шулима Иойловича, его брата Израила Иойловича, а также вашей бабушки Сориной Хая Давыдовны. Этим документам тоже 90 лет, – сказал ректор перед вручением копии архивных документов.

Согласно архивного фонда НАО «КазНУ им.Аль-Фараби», дед Константин Могилевский Шулим Иойлович Могилевский в 1934 году поступил учиться в физико-математический факультет

Казахского государственного университета им. С.М.Кирова. Закончил университет в 1939 году в числе первых 32 студентов факультета физмата. В архивных документах имеется следующая запись: «Могилевский Ш.И. – национальность еврей, диплом с отличием. Отличные способности. Хорошая математическая подготовка. Имеет склонность к исследовательской работе. Хорошо подготовлен методически».

После учебы он остается в этом же факультете преподавателем. В списке профессора-преподавательского состава КазГУ им. С.М.Кирова на 15 марта 1939 года имеется запись: Кафедра высшей геометрии. Могилевский Ш.И. 1917 г. р. Окончил КазГУ 1939, занимаемая должность – ассистент, дата приказа о зачисления – 15 марта 1939 г. приказ №338. Он здесь работал с 15.08.1939 по 10.10.1946 г. Последнее место работы Алма-Ата, школа №11.

А также Шулима Иойловича двое братьев – Алекс и Израил жили в Алматы. В списке выпускников 1938/1939 учебного года, I выпуск по физико-математическому факультету значится его брат Израил Иойлович Могилевский.

А бабушка Константина Ильича Могилевского Хая Давыдовна Сорина с 16.12.1942 работала старшим научным работником Центрального государственного архива Октябрьской революции Каз ССР. С 22.10.1943 года по 25.07.1946 год работала на кафедре истории СССР Алмаатинского государственного педагогического института. Личное дело находится на хранении в РГУ «Центральный госархив» Комитета архивов, документации и книжного дела Минкультуры и информации РК и в архивном фоне КазНПУ имени Абая.

**Каиржан
ТУРЕЖАНОВ**

На протяжении 5 лет кафедра Дальнего Востока сотрудничает с Женским университетом Сукменг, осуществляет программу академической мобильности по бакалавриату. За это время было осуществлено и реализуется несколько совместных проектов с нашим университетом. Один из них – обучение 2-3-х наших студентов каждый семестр в университете Сукмён на стипендиальной основе по программе обмена студентами.

Расширяем сотрудничество с университетом Сукменг

В свою очередь, студенты университета Сукмён могут изучать казахский или русский язык на подготовительном факультете КазНУ и проходить языковую практику. Более того, в прошлом учебном году ряд преподавателей корейского языка успешно завершили онлайн-программу повышения квалификации, организованную университетом Сукмён при поддержке Korea Foundation.

В настоящее время кафедра Дальнего Востока совместно с Женским университетом Сукменг проводит онлайн-курсы корейского языка с участием студентов 1-2 курсов. В этом весеннем семестре студенты отделения корееведения имели ряд возможностей, таких как усовершенствование навыков разговорной речи на корейском языке в рамках кафедры Дальнего Востока, а также широко признание полученных знаний. В частности, с



5 по 20 февраля практикантка Ем Хивон Женского университета Сукменг проходила педагогическую практику на кафедре Дальнего Востока факультета востоковедения Казахского национального университета имени Аль-Фараби. Основной целью данной стажировки является обмен знаниями и опытом по методам преподавания корейского языка и проведение уроков совместно с местными преподавателями корейского языка. В процессе изучения иностранного языка,

особенно восточного, носители этого языка приезжают в Казахстан и читают лекции, а их интеграция в процесс изучения языка помогает студентам по-новому познакомиться с культурой восточной страны. В свою очередь, преподаватели обмениваются опытом и окажут положительное влияние на использование других форм преподавания.

**Багжан
СЕРМУХАМЕТОВА,**
старший
преподаватель
кафедры Дальнего
Востока

В рамках реализации ЦУР «Качественное образование» преподаватели кафедры ЮНЕСКО по устойчивому развитию организовали экскурсию для студентов 4 курса ОП «Экология», «Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды» на станцию аэрации «Алматы Су» с целью ознакомления с технологическими процессами очистки сточных вод. В ходе экскурсии студенты в полной мере наглядно ознакомились с очистными сооружениями города Алматы, технологиями механической и биологической очистки сточных вод.

Следует отметить что, отличительной особенностью городских сточных вод является многообразие и изменчивость их состава, неравномерность притока по времени как в течении суток, так и по месяцам и сезонам года, вследствие чего меняются технологические режимы, что отрицательно влияет на качество очистки и на экологическую составляющую в целом. Применяемые в настоящее время технологии, оборудование и техника для очистки сточных вод весьма

Экскурсия на станцию аэрации «Алматы Су»

разнообразны. В системах очистки городских сточных вод наибольшее распространение получили методы механической и биологической очистки сточных вод. Именно такая классическая схема очистки сточных вод применена на Алматинской станции аэрации.

Канализация города Алматы работает по неполной раздельной системе, одна из них ливневая (арычная) – с отводом воды в малые реки, другая общегородская – для промышленных и хозяйственно-бытовых стоков. Пропускная способность за сутки 640 м.куб воды. Стоки города, поступившие в общегородскую канализацию, подвергаются очистке на станции аэрации, в состав которой входят три цеха: механической очистки, биологической очистки и цех по отводу сточных вод. В механическом цеху происходит 60% очистки. Для выравнивания скоростей, и равномерного распределения стоков по подводным каналам решеток, служит приемная камера. Из камеры стоки по железобетонным каналам направляются на механические решетки.

Отбросы, задержанные на решетках, предварительно ополаскиваются под напором



технической водой (гидросывом), затем собираются в специальный контейнер, где обезвоживаются и вместе с твердыми бытовыми отходами станции аэрации вывозятся специализированной организацией, на полигон ТБО. Задержание тяжелых твердых частиц (в основном минерального происхождения) производится в горизонтальных песколовках. Выпавшие в осадок твердые частицы и песок, гидравлической системой сдвигаются к приемке, откуда гидроэлеватором перекачиваются на песковые площадки. Имеются 5 песколовоч действующих и 3 резервных.

После песколовоч стоки общим лотком, в котором произ-

водится их количественный замер, поступают в распределительную чашу первичных радиальных отстойников. Сюда же, для улучшения осаждения, может по трубопроводу подаваться избыточный активный ил из илового канала цеха биологической очистки. Удаление из сточной воды взвешенных веществ, способных под действием силы тяжести оседать или всплывать, происходит в первичных радиальных отстойниках. Сырой осадок, выпавший в каждом отстойнике, скребками, установленными на ферме илоскреба, сдвигается к приемке, из которого откачивается на иловые площадки. После отстаивания в отстойнике осветленные сточные воды соби-

раются в общий канал и направляются по Алматинскому дюкеру на сооружения биологической очистки.

В открытом земляном канале перед биологической очисткой установлен шлюз-регулятор, который может распределять сточные воды – либо в подающий на биологическую очистку канал, либо (минуя сооружения биологической очистки) по отводящему каналу в систему накопителей. После ввода в действие второй очереди биологической очистки все стоки проходят очистку на ее сооружениях, а шлюз-регулятор закрыт и опломбирован.

Очистные сооружения станции аэрации работают непрерывно, круглосуточно, очищая до требуемой степени очистки, все сточные воды города и его пригородов. Биологически очищенные сточные воды по сбросному каналу отводятся в накопитель Сорбулак. На территории Станции аэрации имеются все необходимые административные, лабораторные, бытовые и обслуживающие здания и помещения, в том числе: ремонтно-механические мастерские, гараж, бетонно-растворный узел, насосные станции и складские помещения.

Нургул БЕРГЕНЕВА,
доцент
Акнур ЖОЛДАСБЕК,
препод. кафедры ЮНЕСКО
по устойчивому развитию

Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, филология ғылымының докторы, профессор Нұржамал Оралбаеваның есімі мен еңбегін әркез айрықша атап айтқан жөн. Орыс биологі И.И.Мечников: «Ғылымға тән атап айтарлық сипат – оның табандылықпен қызмет етуді талап ететіні», – деген сөзін ғылымға тән белгі дейміз бе, заңдылық дейміз бе, осында айтылған табандылықпен қызмет етудің нағыз үлгісін ғалым Нұржамал Оралбайқызының тіл теориясы мен әдістемесіне қосқан өлшеусіз еңбегі дәлелдей түседі.

Өзінің тыңғылықты тұжырымдарымен ғалым қазақ тіл теориясы мен әдістеме ілімінің, кеңестік филологияның келелі мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, шешімді ойларын ортаға салып отырған. Оның айқын дәлелі – әр жылдарда жарық көрген, көпшілікке кеңінен таныс оқулықтары мен монографиялық еңбектері және түрлі бағыттағы әдістемелік құралдары, оқу бағдарламалары, ғылыми мақалалары т.б. Нұржамал Оралбаева 1928 жылы 15 мамырда Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Оқуға ынталы Нұржамал апай 1949 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын үздік бітіріп, ғылымға ден

Сөзжасам саласының негізін қалаушы

қояды. Ол 1956 жылы «Октябрьден кейінгі қазақ жазуының тарихы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, ал 1971 жылы «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын қорғап, 1973 жылы профессор атағын алды.

Н.Оралбаева – тіл білімінің ірі маманы, оның ғылыми ізденістерінің аясы кең, мәні терең, тіл білімінің ең өзекті мәселелерін қамтыды. Ол – 8 монография, 11 оқулық, 15 оқу құралы, 11 оқу бағдарламасы, 200-ден астам ғылыми мақаланың авторы. Ол еңбектерде графика, орфография, қазақ жазуының тарихы, грамматика, сөзжасам, қазақ тілін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері зерттелді.

Профессор Н.Оралбаева – сөздердің аналитикалық формасы туралы теорияны қазақ тіл біліміне тұңғыш енгізуші, осы саланың іргетасын қалаушы ғалым. Оның «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары» (1975), «Қазіргі қазақ тіліндегі аналитикалық форманттардың құрылысы мен мағынасы» (1979) еңбектері тіл теориясына қосылған елеулі үлес болды.

Ғалым Н.Оралбаева қазақ тіл білімінде сөзжасам саласының жеке сала ретінде қалыптасуы мен дамуына ерекше үлес қосты, алғаш негізін қалаушы болды. 1989 жылы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы» атты монографияда сөзжасамның жалпы

негізін қалаушы



теориялық мәселелерін жазып, монографияның жауапты редакторы ретінде жаңа теориялық бағыттың негізін салды. Бүгінгі күні «Қазақ тілінің сөзжасамы» (2014) атты оқулығын еліміздің жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттері пайдалануда.

Н.Оралбаева тілді оқыту әдістемесінің ірі маманы, қазақ тілін орыстілді мектепте оқыту әдістемесі ілімінің түрлі мәселелерін жан-жақты зерттеп, 1996 жылы «Орыс тіліндегі мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты тұңғыш оқулықты баспадан шығарды.

Нұржамал апай ұзақ жылдар «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы», «Қазақ тілінің сөзжасамы» пәндерінен дәріс оқыды. «Бұл ғылыми курс болғандықтан, әр тақырыпты өткенде сол тақырып туралы ғана мәліметтің болуы аздық етеді. Әр мә-

селеге қатысты ғалымдар пікірін, еңбектерін біліп, оған талдау жасау қажет, ол мәселенің ғылымда қалай танылып жүргенін білу керек» дегенді жиі ескертетін. Өзі де ғалымдар пікірлерінен дәйектер келтіріп отыратын. Әсіресе есімде қалғаны – апайымыз морфологиядан қай тақырыпты қозғамасын, оған қатысты Ахмеди Ысқақовтың атын аузынан тастамайтын. Өзінің ұстазы, ірі ғалым Сүлеймен Аманжолов туралы үнемі айтып отыратын. Ол кісінің тағдырына қатысты әңгімелер айтқанда көзіне жас алғанының талай күесі де болды. Ұстазына деген адалдығы, құрметі ерекше сезіліп тұратын.

Нұржамал Оралбайқызы Абай атындағы ҚазҰПУ-да Қазіргі қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі болып тұрған кезінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары мен Шығыстану институтының ғалымдарын – Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаев, Бабаш Әбілқасымов, Арсен Ибатов, Телқожа Жанұзақов, Қайырболат Есенов т.б. шақырып, студенттер үлкен ғалымдардан білім алсын деп, жарты жүктеммен жұмысқа тіркеп қоятын. Соның арқасында сырттай аттарын естіп, есімдерін кітаптан оқып жүрген ғалымдардың алдындағы шәкірттері болып шыға келдік.

Нұржамал апай Абай атын-

дағы ҚазҰПУ-дың филология сала мамандарын даярлауда зор еңбек сіңірді. Екі докторлық диссертациялық кеңес ашып, оған төрағалық етті. Өзі төраға болып тұрғанда кеңес жұмысына республикамыздың ең белді ғалымдарын жұмылдыра білді. Сол кеңеске Рәбиға Сыздық, Аққал Қалыбаева, Шора Сарыбаев, Бабаш Әбілқасымов, Арсен Ибатов, Телқожа Жанұзақов, Оқас Нақысбеков, Қайырболат Есенов, Ғабдолла Қалиев, Тұғлықжан Талипов, Валентина Исенғалиева, Бақытжан Хасанов, Зәуреш Ахметжанова, Элеонора Сүлейменова, Надежда Гайнуллина, Ләззат Жаналина, Манат Мұсатаева т.б. ғалымдар мүше болды. Апай осылай диссертациялық кеңестің абыройын көтерді, жақсы мамандардың шығуын қадағалады. Жас ғалымдарды даярлау ісінде үлкен табыстарға жетті. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен 70-тен астам ғылым докторлары мен кандидаттары даярланды.

Нұржамал Оралбаева – әйел, ана, жар, ұстаз, ғалым. Ғылымда үлкен жетістікке жетіп, басқарушылық қызметтерде жүрсен де (проректор, кафедра меңгерушісі), отбасындағы, ошақ қасындағы міндетін де бір сәт ұмытпай, ұштастыра білді. Нұржамал апай тамақты өте дәмді жасайтын, өзінің, отбасының киімдерін өзі тігетін. Жұмысқа киетін небір әдемі көйлек, костюм, пальтоларын өзі тіккенін естігенде, көргенде қайран қалатынбыз.

Құралай МҰХАМАДИ,
филология ғылымының кандидаты

Наурыз – мейірім мен қайырымдылық мерекесі. Биыл Наурыз мерекесін тойлаудың 10 күндік наурызнамасы аясында Қазақстан халқы Қайырымдылық күнін атап өтті.

Қайырымдылық – асыл қасиет

Қайырымдылық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Мұқтаж жандардың қажетін өтеудегі ізгіліктің нақты көрінісі. Сондықтан әрбір адам қайырымдылық істеріне араласуы қажет.

Ата-ана ұрпағын қайырымдылыққа жастайынан машықтандырып, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылады. Біреуге жақсылық жасау, жан-жануарларға, табиғатқа камқорлық көрсету – қайырымдылықтың көрінісі.

Қайырымдылықтың ең абзалы – мұқтаж жандардың қажетін өтеу.

Әл-Фараби жазып кеткендей, мемлекеттің рухын қоғамдағы адамгершілік, қайырымдылық, әділеттілік, шынайылық, тұрақтылық, ізгілік көтереді, рухани құндылықтары ғана сақтай алады.

Жастар – ел болашағы. Шығыс әміршілерінің бірі әл-Фарабиден: «Уа, ұстаз, менің мемлекетімнің болашағы қандай күйде болмақ?» – деп сұрағанда, данышпан: «Еліңнің болашағын білгің келсе, маған жастарыңды көрсет», – деген екен.

Осы ретте, Наурыз ме-



рекесі шеңберіндегі Қайырымдылық күні аясында университет жастары география және табиғатты пайдалану факультетінің Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының «Геоэкология және табиғатты пайдалануды басқару» мамандығының 1-2 курс магистранттары, ұстаздары қайырымдылық іс-шарасына белсене қатысты. Олар Алматы қаласында тұратын көпбалалы, жалғызбасты анаға азық-түлік сатып алу арқылы үлкен игі іс жасады. Ананың, балалардың қуанышында шек болмады.

Сонымен қатар қайырымдылық ісі Тұрақты даму мақсаттарының 1-ші және 2-мақсаттарында көрініс

табады. ҚазҰУ-дың білім алушылары тұрақты даму мақсаттары аясында қайырымдылыққа еріктілер ретінде өз үлестерін қосуда.

Жастардың мұндай қайырымды іске белсене қатысуы университеттің ұстаздар қауымын да бір қуанытып тастады. Берген білім мен тәрбиенің еш кетпегеніне қуанады.

Қара шаңырақ білім ордасы жастарды тек білімге ғана емес, қайырымдылыққа да тәрбиелейді. Жастарды біліммен сусындатып, бойына қайырымдылық қасиетін сіңіріп, білікті маман, қайырымды жан ретінде қоғамда өз орындарын табуға жол сілтейді.

Әл-Фараби ғұлама бабамыз айтқандай, «Жан дүниені тәрбиелемей, үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ». «Тәрбиесіз алынған білім – адамзаттың қас жауы». Ендеше қайырымды бол, жас өрен!

Баян ТҮСІПОВА,
Лаура ҚҰРБАНОВА,
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының оқытушылары

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын (4-мақсат – сапалы білім) жүзеге асыру аясында «Химия» және «Фармация» білім беру бағдарламаларының 2-курс студенттері «АбдиИбраһимГлобалФарм» ЖШС өндіріс орнына экскурсияға барып қайтты. Мұндай экскурсиялар студенттерге сапалы білім беру барысында үлкен тәжірибелік маңызға ие, өйткені олар оқу процесін жандандырады.

Өндіріске экскурсия

Бұл компания Қазақстандағы қатты дәрілік формаларды шығаратын үздік өндіріс орны. Зауытқа экскурсия барысында студенттер алғашында өндіріс орнының тарихы, жұмыс барысы және болашақ жоспарымен танысты. Екінші кезеңде студенттер зауыттың өндіріс бөліміне кірмес бұрын, қауіпсіздік ережелерімен құлақтанды және жеке қолданыс құралдарын киіп (бетперде, бахила, қалпақ, халат), шартты таза аймаққа өтті. Магистралды коридор бойымен, шикізаттарды сақтау бөлімінен бастап, қатты дәрілік формаларды өндірудің барлық кезеңдерін (өлшеу, құрғақ түйіршіктеу, ылғалды түйіршіктеу, кептіру, соңғы араластыру, тығыздау, капсулалау, таблеткаларды қаптау, блистерлеу, біріншілік және екіншілік қаптамаға орау) бақылады. Әрбір өндірістік процестерге сәйкес құрал-жабдықтармен танысты.



Үшінші кезеңде студенттер өндіріс орнының жеке сынақ зертханасын аралап көрді. «АбдиИбраһимГлобалФарм» ЖШС өндіретін бар дәрілік формалардың шикізатын, аралық өнімдерді және соңғы дайын өнімдердің ҚР Фармакопоеясы бойынша барлық сандық және сапалық өнімдерді өз сынақ зертханасында зерттейді. Сынақ зертханасы физика-химиялық және ішкі өндіріс зертханасы сияқты үш бөлімнен тұрады. Студенттер өндіріс орнында қолданылатын барлық құрал-жабдықтарды

(жоғары эффективті сұйық хроматограф, газ хроматографы, ИҚ және УК спектрофотометрлер, автоматты титраторлар және т.б.) көріп білді. Қазіргі уақытта «Химия» және «Фармация» білім беру бағдарламаларында «Аналитикалық химия» пәні оқытылуда. Студенттердің зертхана жұмысымен жан-жақты танысуы теория түрінде алған білімдерін өндіріспен ұштастыруға мүмкіндік берді.

Елдана БАҚЫТЖАН,
АКХЖСЭТ кафедрасының аға оқытушысы

Адамзаттың тағдыры, өмір сүруінің сапасы әрқашан қоршаған ортаға тәуелді екені ежелгі заманнан белгілі. Әрине, ертеректе жер бетіндегі тұрғындар табиғатқа, Жер-анаға ерекше ілтипатпен қараған. Бірақ табиғатта да, адам тіршілігінде де еш нәрсе өзгеріссіз, бір қалыпта тұра бермейтіні анық.

Адамзаттың әлеуметтік-экономикалық дамуының бастапқы кезеңінде табиғи күштер антропогендік әсерлерге қарсы тұра алатын және оларды жеңе алатын. Демек, бұзылған тепе-теңдіктер қайта қалпына келетін. Ал бүгінгі күні табиғи күштердің осындай қабілеті таусылуға жақындады. Осы себептерден жер бетінде ауқымды экологиялық проблемалар қалыптасты: демографиялық (жер бетіндегі тұрғындар санының экспоненциалдық түрде өсуі), энергетикалық (мұнай, газ, көмір қорларының азайып, таусылуға жақындауы), қоршаған ортаның ластануы, жер бетіндегі экожүйелердің деградациясы. ХХІ ғасыр басталған кезде біздің планетамызда ауқымды экологиялық кризис қалыптасты. Адамзат өзінің іс-әрекеттерінің нәтижесінде биосфералық процестердің тепе-теңдіктеріне әсерін тигізіп, олардың табиғи түрде жүру барысын бұза бастады.

Қоршаған ортаны қорғау қажеттілігі туралы Біріккен Ұлттар Ұйымы алаңдаушылықты 1972 жылы бастаған болатын. Ол кезде «экодаму» деген ұғым қалыптастырылып, жоғарыда аталған мәселелерге көңіл аударыла бастаған. Экодаму

Қоршаған ортаға бақылау жасаймыз

дегеніміз – адамдардың бақыатты өмір сүру деңгейінің өсуі қоршаған орта күйінің нашарлауына және табиғи жүйелердің бұзылуына әкелмейтін экологиялық бағытталған әлеуметтік-экономикалық даму.

Экодамудың қағидаларына сай, жұмысты орындау мақсатында арнайы құрылым «Қоршаған орта бойынша БҰҰ бағдарламасы» (ЮНЕП) ұйымдастырылды. Бұл құрылым бұрын ұйымдастырылған ЮНЕСКО «Адам және биосфера» бағдарламасымен қызметтестікте өз жұмыстарын жалғастырды. Соңынан «экодаму» идеясы «тұрақты даму» идеясына ұласты.

«Тұрақты даму» түсінігі анықтама түрінде 1987 жылы «Біздің ортақ болашағымыз» немесе «Брундтланд баяндамасы» атты баяндамада қалыптасты. Осы түсініктің нақты анықтамасын келтіруді жөн көрдік: тұрақты даму («sustainable development») дегеніміз – қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және келер ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне қатер төндірмейтін даму.

Ал бүгінгі күні дүниежүзінде барлық бағдарламалар БҰҰ қабылдаған Тұрақты дамудың 17 мақсатын орындауға бағытталып отыр. Бұл 17 мақсат 2015 жылы 25 қыркүйекте БҰҰ-да 193 елдің қатысуымен 2030 жылға дейінгі күн тәртібінде айқындалған.

Басқа елдердің қатарында Қазақстан да тұрақты даму



мақсаттарын (ТДМ) қолдайтын өкімет деңгейінде «ТДМ бойынша координациялық кеңес» құрумен көрсетіп отыр. Еліміздегі барлық іс-шаралар, ұлттық бағдарламалар осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталуда. 17 мақсаттың барлығы да әлі де шешілмеген экономикалық, экологиялық мәселелерді айқындайды. Бұл мақсаттарды жалпыға арналған үндеу деп те атауға болады. Себебі халықтың, табиғаттың жағдайына байланысты күрделі мәселелерді тек құжаттармен, жарғылармен шешуге болмайды.

Біз, жоғары оқу орындарының қызметкерлері, оқытушы-профессорлар құрамы, тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға атсалысудамыз. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ең алдымен барлық студенттерді 17 мақсатпен таныстырып, түсінуге шақырып, әрбір мақсатты талқылап, өз деңгейімізде іс-шаралар жүргізудеміз. Мысалы, біз шұғылданатын ғылыми

жұмыстарымызда қолжетімді және таза энергияға толық қол жеткізуге бағытталған зерттеулер орындалуда. Химия және химиялық технология мамандығы бойынша докторантурадағы тақырыптар сутектік энергетикаға, экологиялық таза химиялық ток көздерін жасауға, демек, 7-ші мақсатқа қол жеткізуге арналған. Сол сияқты химия және химиялық технология факультетінің Физика-химиялық талдау және зерттеу орталығында қоршаған ортаны бақылауға, таза металдар алуға, өнеркәсіп өнімдерін, минералды және өсімдік шикізатының тазалығын анықтауға арналған зерттеулер жүргізілуде. Сонымен қатар бірқатар ғалымдардың басшылығымен химиялық ток көздерінің әртүрлі нұсқалары ұсынылуда.

Тұрақты даму мақсаттарын орындау тек ғылыми жұмыстар арқылы іске асырылмайды. Оқу процесіне де көптеген өзгерістер енгізілуде. Қоршаған ортаның сапасын жақсарту, құрлықтағы экожүйелерді сақ-

тау – бұл мәселелерді бірден шешу мүмкін емес екенін біз естен шығармаймыз. Сол себептен білім алушыларға элективті пәндер ретінде «Жасыл химия», «Экологиялық қауіпсіздік», «Өндірістік және экологиялық қауіпсіздік» пәндері бойынша дәрістер жүргізіледі. Осы пәндерді қазіргі заманның талабына сай жүргізу арқылы «сапалы білім беру» айдарындағы мақсатты орындау, оның арасында экологиялық білім және экологиялық тәрбие қалыптастыру, экологиялық сауаттылыққа қол жеткізу сияқты үлкен мәселелерді шешуге болады.

Біздің қоғамымызда экологиялық сауаттылық әлі де аса жоғары деңгейде емес екенін мойындауымыз қажет. Көптеген жиындарда түрлі мақсатта сөз алушылар елдің дамуы жайында мәліметтер бергенде «біздің экономикамыз тұрақты даму үстінде» дейді. Демек, олар «тұрақты даму» деген ұғымды аса түсінбейді. Сонымен бірге «экология» деген ұғымды да қоғамда толық дұрыс қолданбайды. Көпшілік бір-бірімен сөйлескенде «қоршаған ортаның сапасы төмендеді», «қоршаған ортаның сапасы нашар» деудің орнына «экология» бұзылды, содан ауру болдым», «экология жаман, басым ауырып тұр» деп ойын білдіреді. Осындай себептерді ескере отырып, біз әрқашан тұрғындардың арасында экологиялық сауаттылықты қамтамасыз ету керек екенін естен шығармауымыз керек.

Ажар БАЕШОВА,
Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының профессоры, техника ғылымының докторы

Экономика және бизнес жоғары мектебінің мерейлі 75 жылдығына орай, әлемде құрметпен мойындалуына себепкер болған Экономика кафедрасының ғылым мен білім, тәжірибе мен жетістіктеріне тоқталып өту маңызды.

Бұл жетістіктер оқытушылар мен ғалымдардың кәсіби қызметін көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар Экономика және бизнес жоғары мектебінің жетістігі мен дамуының негізгі факторы екеніне тоқталған жөн. Өйткені кафедра экономика ғылымының дамуына және білікті мамандарды даярлауға зор үлес қосты.

Курстарды кеңейту және оқыту бағдарламасын жаңарту: кафедра жұмысындағы маңызды қадам – экономикалық саладағы соңғы тенденциялар мен өзгерістерді ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңарту болды. Студенттер мен магистранттарға қажетті сапалы білім беру үшін жаңа курстар мен пәндер енгізілді.

Оқытуда соңғы технологияны белсенді қолдану: кафедра оқу үдерісіне жаңа технологияларды сәтті енгізді. Кафедра меңгерушісі, доцент Ф.Дәулиеваның бастамасымен «Кәсіпкерлік» пәні бойынша онлайн курстың құрастырылуы, интер-

Табысты түлектер – кафедра мақтаншысы

активті тапсырмалар мен оқулықтар студенттерге оқуды қолжетімді және тиімді етуге көмек берді. Бұл цифрлық сауаттылық дағдыларын дамытуға да ықпал етті.

Ғылыми саладағы белсенділікті арттыру: Экономика кафедрасының басты жетістігі – оның ғылыми қызметі мен экономикалық ойдың дамуына қосқан үлесі. Кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы ғылыми зерттеулерге белсене қатысып, жетекші журналдарда мақалалар жариялауда. Бұл кафедраның экономикалық теория мен практика саласында алдыңғы қатарда қалуына мүмкіндік береді. 2023/24 оқу жылында Экономика кафедрасы ғылыми зерттеулерге белсенді қатысуын жалғастырды. Бұл оның беделін көтеруге көмектесті. Ғылыми Scopus БД журналдарда жарияланымдар, конференцияларға қатысу және кәсіпорындармен ынтымақтастық жобалары кафедра жұмысының ажырамас бөлігіне айналды. Өткен жылы кафедрада үздік оқытушы-профессорлық құрам Б.Мұхамедиев, Д.Рахматуллаева және С.Қондыбаевамен үш ғылыми жоба



жүзеге асты. Сонымен қатар екі жас ғалым – Ж.Темірболатова мен А.Қалиева «Жас ғалым» постдокторантура жобасы аясында ізденушілік зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Студенттердің бастамаларын дамыту: кафедрадағы студенттердің ізденушілігі мен қоғамдық жұмыстары жан-жақты және қарқынды болды. Студенттік конференцияларды, шеберлік-сыныптар және кәсіби іс-шараларды ұйымдастыру студенттердің тұлғалық өсуіне және олардың кафедра өміріне белсенді қатысуына ықпал етті. Экономика бағыты бойынша өткен республикалық студенттік пәндік олимпиадада доцент Г.Андабаева мен аға

оқытушы Г.Иляшованың жетекшілігімен студенттер 1-орынға ие болды.

Түлектердің еңбек нарығындағы табысты жұмысы: Экономика кафедрасы өз түлектерінің табысты мансаптарын мақтанышпен атап өтеді. Жұмыс берушілермен өзара іс-шаралар, тағылымдамадан өту және тәжірибелік сабақтар түлектердің экономиканың түрлі салаларында сұранысқа ие маман болып қалыптасуына ықпал етті. Кафедра әрдайым табысты түлектерін арнайы ұйымдастырылатын дәрістерге, сонымен қоса, пәндік семинар сабақтарына тәжірибелік маман ретінде шақыруда. Кафедра түлектерінің рейтингтері мен пікірлері олардың дайындығының жоғары деңгейін көрсетеді. Тәжірибелік дағдылар мен оқытудың инновациялық әдістеріне бағытталған оқу бағдарламасы түлектерге кәсіби ортаға сәтті кірігуге мүмкіндік береді.

Халықаралық серіктестермен ынтымақтастық: кафедра шетел университеттерімен және ұйымдарымен белсенді ынтымақтастық арқылы өзінің халықаралық беделін нығайтты.

Өткен жылы Экономика кафедрасы АҚШ-тың үздік жоғары оқу орны – Канзас университетімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меріктес университеттермен бірлескен ғылыми зерттеулер және халықаралық конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру кафедра дамуының маңызды элементі болды.

Қорытындылай келе, Экономика кафедрасының негізгі жетістіктері кәсіби деңгейдің, ғылыми белсенділіктің және қызметтің практикалық маңыздылығын көрсететінін атап өту қажет. Үнемі жаңа білімді іздестіру, заманауи әдістемелерді дамыту және ғылыми зерттеулерге белсенді қатысудың арқасында кафедра Қазақстанда жетекші экономикалық ой орталықтарының біріне айналып, жетекші шетел жоғары оқу орындарында да танылған болды.

Кафедра қазіргі заманның сын-қатерлеріне бейімделіп, оқыту мен ғылыми зерттеулердің жаңа тәсілдерін дамыта отырып, сенімді түрде алға жылжып келеді. Ұзақ жылдар бойы қол жеткізген табыстар экономика мен бизнес саласындағы болашақ жетістіктер мен жаңалықтардың сенімді іргетасына айналды.

Салтанат ҚАНАПИЯҚЫЗЫ,
PhD, Экономика кафедрасының аға оқытушысы

ФИНАЯТ

(Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-ға)

Жақындатып,
Батыс, Шығыс даласын,
Қарама-қайшылықтардың арасын...
Платон,
Аристотель көзқарасын,
Синтездеген Әл-Фараби дара шың...

Көне грек ойшылдары от еді,
Тәржіма да жасап данам өтеді.
XI ғасыр келіп еңбегі,
Гранада мен Кордоваға жетеді.

Кітаптардың асулардан асуын –
Тілеген ол –
Әлемге нұр шашуын.
Арабшадан аударылып латынға,
Еуропаға таралады жасырын...

Фарабиім алыптардың алыбы,
Сан саланы дамытқан бір тау ұлы.
Осылайша қайта жандану,
Яғни,
Басталады Ренессанс дәуірі...

Қара жермен жүргізгендей кемеңі,
Жазғаның жетпегені көп еді...
Руханиятын гүлдендірген дүниенің,
Алғашқы ұстаз деймін үнемі мен оны!

Биіктігі,
Тереңдігі затында,
Ғасырлардың тынысы бар хатында...
Алматының жүрегінде дәл бүгін,
Университет осы бабам атында.

Бұл өмірдің шаттық-мұңын текті елмен,
Оқытушы,
студенті көп көрген.
Ұлы Отан соғысы,
Тың игеру,
Бәрін-бәрін бастарынан өткерген.

Әр адамның ішінде бір жалын бар,
Дарындарды қолдамай ма дарындар!
Ордамызда дәрістерін оқыған,
Әуезов пен Қабдоловтай ғалымдар.

Жолы ұдайы жақсылармен жалғасқан,
Универімі –
Білімдегі алдаспан...
Ғылым,
Өнер,
Спорт,
Медицинаны,
Дамытуға атсалысқан танбастан.

Шабыт атты шартарапқа өтіп бір,
Көптен бері айтқым келген етіп жыр.
Өзге елдің ұл-қыздары риза боп,
Қиырлардан келіп бізде оқып жүр.

Белгілі ғой алтын көпір екенің,
Айналайын,
Әркез дұға етемін.
Нобель сыйлығының иегерлері
кеп тамсанған
Құтқа толы мекенім.

Айға ғашық,
Шайдай ашық аспаның,
Бақыт деген – уақыт қой қас-қағым...
Қанша мықты білім алған өзіңде,
Сақтап тұрсың
Махаббатын,
Жас шағын...

Саған түсу – түлектің бір бағы ғой,
Маған мұнда ұстаз болу – абырой.
90 жасың құтты болсын, ҚазҰУ,
Қазағымның бұл бір аппақ таңы ғой!..

АҚЫНДАРДЫҢ
АСТАНАСЫ – АЛМАТЫ

(Симбиоз)

Жырларың бар тыңдататын әлемге,
Сырларың бар космостық тереңде.
Бәрі жалған,
Сен ғана шын сияқты
көрінесің
Жан бітіріп өлеңге...

Нұрлы әлемі,
Ақылменен сезімнің,
Отанысың еңбекпенен төзімнің.
Жылаған да,
Бақытты ғой, Алматы,
Арман толы құшағыңда өзіңнің.

Саған ғана келер жолдай бар әлем...
Әке,
Ана,
Бауыр,
Әлде аға ма ең?!
Ару болсаң саусағыңа аялап,
Сатурнның сақинасын тағар ем...

Зұлымға да ұсынғаның төр еді,
Жақсылықтың жүрегісің себебі.
Әділдік пен адамдыққа сенбейтін,
Пенделерге сені үлгі еткім келеді.

Ең ғажайып күн ғой,
Саған келген күн,
Алтын қанат арғымақта тербелдім...

Күндер тоңып,
Өртенгенде көп түнім,
Күн бермеген сәулені де сен бердің.

Қаласың сен,
Тәніменен жаны бар,
Қасиеті,
Киесі мен ары бар.
Сен болсаң,
Мен
Бармын.
Егер,
Біз болсақ,
Махаббат бар,
Бақ бар, демек, бәрі бар!

Қайда барсам ойымда сен жүресің,
Мен сенде емес,
Сен менде өмір сүресің...
Арманыма алғаш басқан қадамым,
«Алматы» – деп аталады,
Білесің...

Үмітім мен сенімімді тасыттың,
Қанаттанып болашаққа асықтым...
Бәрі саған ғашық,
Білем мен оны.
Ал,
Сен кімге ғашықсың?!

Сұлу жоқ-ау, саған, жаным, теңердей,
Ғаламат та жоқ көңілді бөлердей.
Өзіңе арнап өлең жазып отырмын,
Ішімнен бір Абай шыға келердей.

Тарих тұнған әрбір тасың жаңғырып,
Көңіл тауын толқытады таң күліп...
Көктөбеден көрген кезде көркіңді,
Қарап тұрғым келеді ғой мәңгілік.

Сыйластық пен құрметті де
«сен» деймін,

Тіпті, өзіңнен
Париж, Нью-Йорк кем деймін.
Қызықса да,
Қызғанса да,
Оларға,
Қарыз түгіл, күнәңді де бермеймін...

Ал,
Мен саған бәрін бердім,
Көктемде,
Анамды да, баламды да өткенде...
Енді берер сені сүйген жүрек пен
Өлеңімнен басқа ештеңе жоқ менде.

Асанқайғы іздеген жер жәннаты,
Ауаңда тұр бабалардың әр хаты...
Сен аман бол,
Төлқұжаты қазақтың –
Ақындардың астанасы – Алматы!



Ержан ЖҰМАБЕКҰЛЫ,
PhD докторы, журналистика
факультеті Баспасөз және электронды
БАҚ кафедрасының аға оқытушысы,
Қазақстан жазушылар одағының
мүшесі

Табыт болса,
Ауыр деп,
Жан дегенің тәтті деп,
Қарғысты ең қатты деп,
Залымға да бақ тілеп,
Періштенің жүзі ақ деп,
Ғасырларды ұзақ деп,
Уақыт қана тұзақ деп,
Ақтың ақ боп қаларын,
Күннің мәңгі жанарын,
Айтпа маған!
Тоңамын...
Сенікі жөн,
Дегенмен,
Кей қағида көнерген.
(Тек жұбаныш өлеңнен...)
...Біреуге сыр бермеуді,
Ешбір жанға сенбеуді,
Жанды жалғыз емдеуді.
Үйретті ғой бір кісі,
Адам сынды түр-түсі,
Қайғырғаны, күлкісі...
Қара жермен кемеңі,
Жүргізгендей боп еді,
Дос санағам мен оны!..

ҚАЗАҚ ДЕГЕН ҚҰДАЙДЫҢ
ҚАРА ӨЛЕҢІ

Қазақ деген бір ел бар білесің бе?
Һақтан жеткен қалсын бір жыр есінде!
Сенбейсің бе, білмеймін сенесің бе,
Жылайсың ба, білмеймін күлесің бе?..

Қүлетінің сенбейсің ғажабына,
Жылайтының сенесің азабына.
Жету үшін жүректің жұмағына,
Шыдап берген жүйкенің тозағына...

Ойланбай-ақ елі үшін отқа кірген,
Бабаларым Күн заңын жатқа білген.
Қара жаяу жүргенде басқалары,
Алтын сауыт киініп атқа мінген!

Барсакелмес оралған сапардан жүз,
Екі өмірді тең көрген қатарданбыз...
Тәуелсіздік қазақтың алтын тәжі,
Мәңгіліктің жолында ат-арбамыз.

Даламызда шалқиды ар өуені,
Баламызда арманның Қарагері,
Көкірегі үндескен табиғатпен,
Қазақ деген Құдайдың қара өлеңі!

АУЫЛЫМ-АУ

Іздеп Асан аңсаған кереметті,
Ауылымнан адамдар неге кетті?!
Мен де досым екенін байқамаппын,
Гүлге өлең оқыған көбелекті...

Арманым ғой алысқа аттандырған,
Ата-анамды сағынам шаттандырған.
Жиі ойлаймын жазира даламды да,
Ит жүгіртіп, құс салған, қақпан құрған.

Тауларымды түсімде көп көремін,
Әлі есімде тұлпарды ерттегенім.
Эверестің еркесі болатындай,
Ажалсыз бір жыр жазсам деп келемін...

Ауылым-ау, «сен» десе, сезім дара,
Мөлдірлігің бейне бір көзім қара.
Қазір ана-а-а-ау Ай жақын сияқты ғой,
Бірақ жүрек ішінде өзің ғана.

Ауырлығын азаптың көтерсе адам,
Арманына жан бітер от аңсаған...
Ақсақалы атанып Алты алаштың,
Бала болып...
Қайтадан жетем саған!

КӨҢІЛ

Аш болсын,
Тоқ болсын,
Аз болсын,
Көп болсын,
Су болсын,
От болсын,
Бар болсын,
Жоқ болсын,
Ай болсын,
Күн болсын,
Тас болсын,
Гүл болсын,
Жалған не шын болсын,
Бұл көңіл бір болсын...
Досым!

CARPE DIEM

Жүрегі аман,
Жыр жазса адам,
Жалған сыртына,
Жасалған қадам...
Көбелек,
Гүлдің,
Көзінде нұрмын –
Өзіме-өзім –
Құдаймын,
кұлмын...
Байлаймыз іске,
Ал бақыт іште...
Уақыт – әділ дос,
Өңімде, түсте...
Көңілде бар күш,
Өмірге алғыс.
Махаббат екеу,
Тек өлім жалғыз...
Құлқынды ұттым,
Шеңберден шықтым.
Өзіммен өзім,
Жүздесіп ұқтым...

ӨМІР ЖАЙЛЫ БІЛГЕНІМ

Өмір жайлы білгенім,
Бірде шаттық, бірде мұң.
Туыс-досым қасымда,
Аман-есен жүргенім.

Өмір жайлы білгенім,
Құстай ұшқан күндерім.
Ай мен күндей екен ғой,
Жылағаным, күлгенім.

Өмір жайлы білгенім,
Арманыммен біргемін.
Көңіл нәзік гүл ме едің,
Үміт неткен нұрлы едің?!

Өмір жайлы білгенім,
Ештеңені білмеуім.
Кетеміз-ау бір күні,
Келтіре алмай күрмеуім...

MELANCHOLY


Ғаламат деп өмірді,
Аяулы деп көңілді,
Тұрақты деп сенімді,
Сағарматха кемел деп,
Асқақтығын көрем деп,
Тынық мұхит терең деп,
Ең жақсы ай сәуір деп,
Бәрі –
Адам,
Бауыр деп,

Химия және химиялық технология факультетінің Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасы ұйымдастырған гибридтік, офлайн-онлайн форматта өткізген халықаралық қысқы мектеп «Ғылым мен білім беруді ұйымдастырудың заманауи технологиялары» тақырыбына арналды.

Аталған іс-шара аясында «Химиялық технологияның негізгі үдерістері мен аппараттары» жаппай ашық онлайн курсы (ЖАОК) жасау кезеңдері жайында кафедрада доцент міндетін атқарушы Гүлзира Василина баяндама жасады. Біз, жоғарыда аталған кафедраның доценттері, авторлық ұжымның мүшелері болдық. Семинар тақырыбының мазмұны курс идеясын қалыптастыру, жобалау мен жоспарлау, контент жасау үдерістері, қиындықты еңсеру және онлайн курспен жұмыс нәтижесінде алынған сабақтар сияқты мәселелерді жан-жақты қарастырып, талдауға негізделді.

Әзірленген ЖАОК курсы orep.kaznu.kz сайтына жүктеліп, ішкі және сыртқы сараптамадан өтті. Курс «6B07201 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» және «6B07102 – Химиялық инженерия» мамандықтарының студенттері үшін 2023/24 оқу жылының көк-

Білім берудің ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ



темгі семестрінің пәндері бойынша оқу үрдісіне біріктірілген. «Химиялық технологияның негізгі үдерістері мен аппараттары» курсы химиялық технология үдерістерінің негізгі параметрлерін есептеудің жалпы тәсілдері мен амалдарына арналған. Бұл курс химия-технологиялық мамандықтардың студенттері мен тыңдаушылары өздерінің кәсіби қызметінде нақты технологиялық үдерістерге арналған талдауды, математикалық сипаттаманы және инженерлік есептерді өз бетінше игерулеріне, бекітулеріне және одан

әрі жүргізулеріне бағытталған. Гидродинамикалық, жылу және масса алмасу үдерістері бойынша тақырыптарды қамтитын инженерлік пән бойынша оқу материалдарына қарапайым және жылдам қол жеткізу, сондай-ақ оқытудың еркін кестесі аталған курсты өндірістен қол үзбей, химия-технологиялық бейіндегі студенттер мен инженерлер үшін бірегей және ыңғайлы етеді.

Жәния ЕШОВА,
Х.Ф.К., ДОЦЕНТ
Дина АҚБАЕВА,
Х.Ф.Д., ДОЦЕНТ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері «Көліксіз бір күн» акциясын белсенді қолдады. Акция аясында көшбасшы оқу ордасының білім алушы жастары әлеуметтік желілерде түрлі видеоконтенттер түсіріп, барша жұртшылықты көліксіз жүруге үндеді.

Бастаманың мақсаты – Тұрақты даму мақсаттарының №9 – «Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым» бағытын жүзеге асыру, велосипед тебу, жаяу жүру сияқты балама көлік түрлерінің бар екенін экологиялық акция арқылы еске салу.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біз жасыл экономиканы дамыту мәселесімен мықтап айналысуымыз керек. Болашақта бүкіл әлем таза энергетикаға көшетіні сөзсіз. Халықаралық сарапшылардың мәліметіне сүйенсек, жалпы әлемдегі күрделі қаржы са-

Ауа сапасын жақсартуға ҮН ҚОСТЫ



лымдарының үштен біріне жуығы жаңартылатын энергетика жобаларының еншісінде. Қазақстанда да бұл бағытта көп жұмыс атқарылды. Жаңа Экология кодексі және Көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің 2060 жылға дейінгі стратегиясы қабылданды, – деп атап өткен болатын. Сонымен қатар ҚР Президенті Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – адал азамат» атты екінші отырысында: «Балалар-

ға экологиялық тәрбие беру маңызды. Оларды табиғатқа жанашырлықпен қарауға үйреткен жөн», – деп өз пікірін білдірді.

ҚазҰУ студенттері «Көліксіз бір күн» акциясы арқылы атмосфералық ауаның сапасын жақсартуға, қала ауасындағы пайдаланылған газдардың шоғырлану деңгейін төмендетуді, қоршаған ортаны аялауды насихаттады.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

География және табиғатты пайдалану факультеті География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының «Жерге орналастыру» 1-курс оқу тобының студенттері «Наурызанама» онкүндігінің Қайырымдылық күніне орай, Алматы қаласы білім басқармасының арнайы мамандандырылған «Жанұя» кешеніндегі ата-анасынан ерте айырылған балаларға қайырымдылық іс-шарасын ұйымдастырды.

Мейірім шуағы



Іс-шара барысында кафедра ұжымының қаржылай қолдауы және студенттердің қайырымдылығы нәтижесінде тәрбиеленуші балаларға киім-кешек, түрлі тәттілер, сыйлық таратылды. Тәрбиеленуші балалар ризашылығын өнерімен көрсетті. Мәселен, тәрбиеленуші Дина Балғанбаеваның көркем сөз жанры бойынша оқыған мәтіні жұртшылыққа ерекше әсер етті. Кездесу соңында тәрбиешілер К.Намазбекова, А.Асылбекова, Н.Сабидолдановалар және



тәрбиеленуші балалар кафедра ұжымына, студенттерге ықыластарын жеткізіп, ерекше алғысын айтты.

Қайырымдылық іс-шарасы тағдырдың жазуымен өмірі ауырлау басталған балаларға болашаққа сеніммен, үмітпен қарауға шамалы болса да ықпал етті деп ойлаймыз әрі бөбектер қоғамда мейірім шуағы барына көз жеткізген болар.

Өкөтай САҒЫМБАЙ,
1-курс «Жерге орналастыру» тобының куратор-әдвайзері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде студенттер арасында «Суды үнемде» әлеуметтік жобасы зор қолдауға ие болды.

«Суды үнемде»

АКЦИЯСЫН ҚОЛДАДЫ

Экологиялық акцияның алғашқы күні әлеуметтік желіде түрлі форматтағы 20-дан астам бейнеролик жарық көрді.

Мұндағы мақсат – Тұрақты даму мақсаттарының №6 – «Таза су және санитария» бағытын жүзеге асыру.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында: «Су ресурсы – еліміздегі өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе судың сапасы және оның халыққа қолжетімді болуы аса маңызды болып тұр. Жыл өткен сайын халқымыздың саны да, экономикамыз да өседі. Бұл – қалыпты құбылыс. Сол себепті 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін», – деп атап өтті.

Сондай-ақ ішкі су ресурстарын үнемдеп, суды шақтап пайдалану мәдениетін қа-



лыптастыруды тапсырған болатын.

Студенттер акция барысында жатақханаларда, оқу корпустарында және тұрмыстық бөлмелерде суды ысырап етпеу жолдарын насихаттауда. Әлеуметтік жобалардың бастамашысы – Стратегиялық даму департаменті, Пан Ги Мун орталығы және халықаралық рейтинг талаптарының орындалуын қадағалаушы жұмыс тобы.

Назерке АСХАТҚЫЗЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.